

"Салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 160 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 1115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 қаңтарда № 18153 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 160 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16425 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізуге салықтық өтініш нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

А. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 1115 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 160 бұйрығына
15-қосымша
нысан

САЛЫҚТАРДЫ, БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕРДІ, КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕРДІ,
ӨСІМПУЛДАРДЫ, ПАЙЫЗДАР МЕН АЙЫППУЛДАРДЫ ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ
ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚАЙТАРУ ЖҮРГІЗУГЕ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӨРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

- 1 Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе атауы
- 2 Сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)
- 3 Салық төлеушінің мекенжайы

Бөлім. Салықтық өтініш

- 4 Өтінішті беру себебі (тиісті торкөзде ☒ көрсетіңіз):
- ☐ А артық төленген (өндіріп алынған) сома
- ☐ В қате төленген сома
- ☐ С қосылған құн салығын артық төлеу
- ☐ D грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығы
- ☐ E сыйымсыз салынған айыппұлдың төленген сомасы
- ☐ F электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде төленген сома
- ☐ G мемлекеттік баждың төленген сома
- ☐ I артық төленген жеке табыс салығы
- ☐ J салық төлеуші пайдасына өсімпұл
- ☐ K ҚҚС бақылау шотынан ҚҚС артық төленген сомасы
- 5 Өтініш (сәйкес торды белгілеңіз ☒):
- ☐ А Есепке жатқызу ☐ В Қайтару ☐ С ҚҚС бақылау шотына қайтару

Бөлім. Есепке жатқызу бойынша ақпарат

- 6 Есепке жатқызуды өткізу (тиісті торкөзде ☒ көрсетіңіз):
- ☐ А салық берешегін өтеу есебіне
- ☐ В алдағы төлемдер есебіне
- ☐ С кедендік баждар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар және пайыздар бойынша берешегін өтеу есебіне

Бөлім. Қайтару бойынша ақпарат

- 7 Қайтару үшін банк шотының деректемелері:
- Банктің атауы
- Шоттың нөмірі (бенефициардың ЖСК, жеке тұлға банктің ЖСК көрсетеді)
- Шоттың нөмірі (дербес, жинақ, қарталар шоты*)
- Банктің коды (Банктің сандық коды)
- Жеке куәлік нөмірі* Берілген күні*
- Кұжатты берген орган*
- 8 Қосымша құн салығын асып кетуін қайтару туралы талап
- ☐ А декларацияның кіріс нөмірі
- ☐ В қабылданған күні
- Қосымша құн салығын асып кетуін қайтаруға сома ұсынылған салық кезеңі үшін бастап дейін

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӨРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім.Салық төлеушінің келісімі

Біз (мен) осы салықтық өтініш шеңберінде көрсетілген мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береміз (беремін).

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

Шектеу сызығынан шықпаныз

(Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы

Салықтық өтініштің тапсырылған күні:

----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Санлармен күні, айы, жылы



Мөр орны
(болған жағдайда)

Бөлім. Мемлекеттік органның белгісі

Шектеу сызығынан шықпаныз

(Мемлекеттік органның лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы

Санлармен күні, айы, жылы

Салықтық өтініштің қабылданған күні

----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Құжаттың
кіріс нөмірі

----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Мемлекеттік кірістер
органының коды

----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Почта
штемпелінің күні

(Салық өтінішті почтамен
тапсырған жағдайда
толтырылады)

----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Санлармен күні, айы, жылы

Мөртанба орны

* жеке тұлға толтырады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сияқты қаламмен немесе қаламұшпен, БАСТПА ӨРІШТЕРМЕН толтырыңыз.

[illegible]

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӨРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

[illegible]

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСТІА ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

[illegible]

3 Грант каражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығы